



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№  
26.10.2023 № 5 ге

**Тұрақты комиссияның  
2023 жылғы 26 қазандағы  
қаулысы**

Елорда экологиясының проблемалық мәселелері (автокөліктердің CO<sub>2</sub> шығарындылары, электр көлігі үшін инфрақұрылымды қамтамасыз ету, Есіл өзені суларының ластануы, ҚТҚ полигондарының жұмысы және ҚТҚ кәдеге жарату жөніндегі жұмыстың ашықтығын қамтамасыз ету перспективасы туралы)»

Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - Тұрақты комиссия) елорда экологиясының проблемалық мәселелері туралы ақпаратты тыңдап және талқылап, мыналарды атап өтеді.

Қазіргі уақытта ыңғайлы қоғамдық көлікті дамыту үшін көліктің экологиялық таза түрлеріне көшу жүргізілуде. Велосипед көлігін дамыту шеңберінде ұзындығы 64,5 км веложолдар салынды. 2019-2023 жылдар аралығында әлеуметтік маңызы бар маршруттарға қызмет көрсету үшін тиісті инфрақұрылым құрыла отырып, 120 бірлік электр автобус сатып алынды. Сонымен қатар, елордада 560 бірлік электр көлігі бар және 51 электрмен қуаттау станциясы жұмыс істейді.

Астана қаласында 2017 жылдан бастап коммуналдық қалдықтарды басқарудың орталықтандырылған жүйесі жұмыс істейді: қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, қайта өңдеу және көму. Қала аумағы 40 учаскеге бөлінген. Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруға 80 бірлік қоқыс тасушы (кіріктірілген GPS-датчиктері бар) жұмылдырылған, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған 16 мыңнан астам контейнер орнатылған. Қазіргі уақытта қалада коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу технологиясы жоқ. Материалдық-өндірістік қорлар қалдықтарын сұрыптау бойынша қолданыстағы технологиялық жабдық тозған күйде (сұрыптау үлесі 17% - дан 5% - ға дейін төмендеген, полигондағы көму үлесі 92%, шығындар

(органикалық) 3%). Уәкілетті органға қоқыс өңдеу зауытын жаңғырту, сондай-ақ қалдықтарды қайта өңдеуге арналған шығыстарды субсидиялау жөніндегі жұмысты қайта бастау туралы ұсыныс жіберілді. Сондай-ақ, шетелдік инвесторлармен жаңа қоқыс өңдеу зауытын салу бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Ластануды болдырмау мақсатында Есіл өзенінде, Ақбұлақ және Сарыбұлақ бұлақтарында, Нұра-Есіл каналында су бетін санитарлық тазарту, акватория мен жағалау аумағын өсімдіктерден тазарту, өзендердің түбін тазарту және жағалауды нығайту жұмыстары, мелиорациялық іс-шаралар (аэрация, балықтандыру) түрінде табиғатты қорғау жөніндегі бірқатар іс-шаралар жүргізілуде.

Сонымен қатар, 2019 жылдың басынан бастап іКОМЕК109 қызметіне елорда су айдындарының ластануына қатысты 416 өтініш келіп түскен. Ластанудың негізгі себептері ЖЭО-2, «Астана су арнасы» МКК тазартылмаған суларының төгілуі және табиғи факторлар болып табылады.

2022 жыл ішінде рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері бойынша 948 бұзушылық анықталды.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 27 қыркүйекке дейін қоршаған ортаға зиянды элементтерді шығару мәселелеріне қатысты 215 өтініш тіркелген. Ауаның ластануының негізгі себептері автокөліктердің, ЖЭО-ның, жеке сектор пештерінің, өндірістік зауыттардың шығарындылары болып табылады.

Сондай-ақ, қала тұрғындарынан электромобильдерге арналған автомобиль зарядтау станциялары жүйесінің жетілмегендігіне қатысты шағымдар келіп түседі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Елорда экологиясының проблемалық мәселелері туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне (**Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары**):

нөсер кәрізінің тазарту құрылғыларына тексеру жүргізу, оның ішінде оларды тазалау, қажет болған жағдайда сүзгілерді ауыстыру;

су бұруды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің сарқынды суларды бұру шарттары мен белгіленген Шекті жол берілетін шығарындылар нормативтерін сақтауына қатаң бақылауды қамтамасыз ету;

өндірістік бақылау шеңберінде 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 62 Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес тазарту құрылыстарының жұмысына және су сынамаларын алу кезеңділігімен және көрсеткіштер тізбесімен сарқынды суларды жіберу орнынан жоғары су айдындарының және халықтың жақын маңдағы су пайдалану пункттерінде су сапасына жүйелі зертханалық бақылауды қамтамасыз ету;

кәсіпорындардың / объектілердің жергілікті тазарту құрылғыларын химиялық элементтерден тазартуға арналған жүйелермен жабдықтау, өйткені техникалық жобалардың деректеріне сәйкес нәсер суларын тазарту құрылғылары суды тек қалқымалы заттар мен мұнай өнімдерінен механикалық тазартуға арналған және химиялық қоспалардан (темір, мыс, нитраттар, құрғақ қалдық) тазартуды қамтамасыз етпейді;

жер учаскесін құрылысқа, ғимараттарды жобалауға, салуға (қоғамдық ғимараттар, тұрғын үйлер және т. б.) бөлу кезінде табиғи-климаттық жағдайларды және «жел өрнегін» ескеру;

объектінің эскиздік жобасын әзірлеу кезінде контейнерлік алаңдар орындарын тұрғын және қоғамдық ғимараттардан, балалар объектілерінен, спорт алаңдарынан және халықтың демалыс орындарынан кемінде 25 м қашықтықта орнатуды ескеру. Орнату орнын қалдықтардың жинақталу нормасы мен нақты көлеміне байланысты орнатылатын контейнерлер санын есептеуді ескере отырып айқындау;

қатты жабыны бар, су тартылған, ағызу үшін кәріз жүйесімен жабдықталған алаңмен контейнерлерді әрдайым жуып отыруға және дезинфекциялауға арналған аумақты қарастыру;

кәріз-тазарту станциясының орналасу жері бойынша халықпен ақпараттық жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету;

Кіші Талдықөл маңындағы су қорғау аймақтарын белгілеу мәселесін шешу, заңнамаға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар беру ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ-не мүдделі органдармен бірлесіп:

жоспарланған іс-шаралардың нәтижелілік индикаторларын көрсете отырып, елорда экологиясын жақсарту жөніндегі тұжырымдамалық құжатты әзірлеу;

жоспарланған жұмыстар және аталған жұмыстарды жүргізуге бюджет қаражатының шығыстары туралы елорда су айдындары бөлінісінде ақпарат беру;

№ 15 аумақтық сайлау округі бойынша мәслихат депутатының және мүдделі басқармалар өкілдерінің қатысуымен Көктал-1 шағын ауданына күкіртті сутегі шығарындыларына қатысты мәселемен барып шығуды ұйымдастыру;

қаланың инфрақұрылымының дамуын ескере отырып, атмосфералық ауаны бақылаудың стационарлық және автоматты бекеттерін ұлғайту мәселесін, сондай-ақ айқындалатын көрсеткіштердің тізбесін қарастыру;

жасыл желектерге күтім жасау үшін оларды бизнес өкілдеріне бекіту мүмкіндігін қарастыру;

«Агроқалашық» ауданын көгалдандыру және абаттандыру бойынша 2024 жылға арналған жоспарланған жұмыстар туралы ақпарат беру;

энергия өндіру үшін қалдықтарды (биоқалдықтарды) пайдалану перспективасына талдау жүргізу;

құрылыс ұйымдары мен құрылыс қалдықтарын кәдеге жаратуға жәрдемдесетін жеке тұлғалар үшін заңнамаға сәйкес экономикалық ынталандыру шараларын әзірлеу және енгізу;

электромобильдердің батареяларын қайта өңдеу және кәдеге жарату тәсілдерін қарастыру;

құрылыс басталғанға дейін құрылыс ұйымдарының қоқыс шығарушы ұйымдармен қоқыс шығаруға шарттар жасасу жөніндегі міндеттемелерін заңнамалық бекітудің орындылығын зерделеу;

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 344-бабы «Қалдықтарды басқару жөніндегі экологиялық талаптарды бұзу» және 505-бабы «Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзу, жасыл екпелерін жою және бүлдіру» бойынша бұзушыларды жауапқа тарту бойынша жергілікті атқарушы органға өкілеттік беру қажеттілігін талдау;

жеке және заңды тұлғалар арасында қалдықтарды кәдеге жарату міндеттемелері мен ережелері туралы хабардарлықты арттыру үшін ақпараттық компаниялар жүргізу;

қоқысты сұрыптау курсы мектеп бағдарламасына енгізу бойынша ұсыныстар беру;

жағажайларды пайдалануды жүзеге асыратын субъектілердің шомылу орындарында су сапасына санитариялық-эпидемиологиялық тексеру және өндірістік бақылау жүргізуін қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-не «Агроқалашық» ауданын газдандыру бойынша атқарылған және жоспарланып отырған жұмыстар туралы ақпарат беру ұсынылсын.

5. «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ-не барлық меншік нысанындағы медициналық ұйымдардың басшыларымен тек қана қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның рұқсат құжаттары бар ұйымдармен ғана медициналық қалдықтарды әкетуге және кәдеге жаратуға шарт жасасу қажеттілігі туралы жұмыс жүргізу ұсынылсын.

6. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ-не елордада электр көлігіне арналған инфрақұрылымды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

7. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша Экология департаментіне елорданың экологиясын жақсарту жөніндегі бақылауды күшейту және отырыс барысында айтылған шаралар туралы ақпарат беру ұсынылсын.

8. Мемлекеттік органдар осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты бір ай мерзімде ұсынсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**



**В. Сергеев**